

**Қобда аудандық мәслихатының 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № 395 "Қобда ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 2022 жылғы 8 маусымдағы № 176 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 10 маусымда № 28431 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 2023 жылғы 7 желтоқсандағы № 92 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 07.12.2023 № 92 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қобда аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қобда аудандық мәслихатының "Қобда ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № 395 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7903 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

осы шешіммен бекітілген, Қобда ауданындағы әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларында:

10 -1 тармақ алынып тасталсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қобда аудандық  
мәслихатының хатшысы

Ж. Ергалиев